

Жаңалық релизи

Алматы уақытымен 12:00/ 0700 UTC 1 шілде, 2026 жыл дейін жариялауға эмбарго

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

2026-ның алғашқы жарты жылдығы соңында өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс қайта құлдырады

Жаңа тапсырыс азайған соң, өнім өндіру де қысқарды

Жұмыспен қамту және сатып алу көлемі қысқарды

Ресурс құнының инфляциясы сәл жеделдеді

Маусымда жаңа тапсырыс азайған соң, Қазақстандағы өңдеуші өнеркәсіптерде өнім өндіру де қысқарды.

Өз кезегінде компаниялар жұмыспен қамту және сатып алу белсенділігін азайтты. Бұл ретте, жұмысты уақтылы аяқтауға баса назар аударылуы дайын өнім қоры мен аяқталмаған жұмыс көлемінің рекордтық деңгейде қайта төмендеуіне алып келді. Инфляция қысымы бұл айда сәл күшейді.

Freedom Holding Corp. ұсынған Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі PMI® (Сатып алу менеджерлерінің индексі™) маусымда 50,0 мәнінен төмен, мамырдағы 49,0 мәнінен 48,5 мәніне сырғыды. Бұл саладағы ахуал бір айда ептеп нашарлағанын және наурыз айынан бергі ең айқын құлдырау екенін көрсетті. Бизнес ахуал осымен қатарынан алты ай нашарлауда.


Мамырда басталған жаңа тапсырыстар санының кемуі маусымда да қайталанды. Бұл жолғы кему қарқыны бірқалыпты болса да, өткен айға қарағанда жеделдей түскен. Сауалнамаға қатысқандар жалпы сұраныс әлсірегенін атап өтті, сондай-ақ кейбір клиенттер жаңа жоба бастауға қажетті қаржыны таба алмағанын хабарлады.

Жаңа тапсырыстар санының азаюы өңдеу өнеркәсібінде өндірістің одан ары қысқаруына түрткі болып, 2026 жыл басынан бергі үрдісті жалғастырды. Мұнда да қысқару қарқыны мамырмен салыстырғанда сәл жоғары болды.

Жаңа тапсырыс пен өндірістегі қажеттілік азайған соң, кәсіпорындар маусымда сатып алудағы белсенділікті және жұмыспен қамту көлемін қысқартты.

Штат санының қысқаруы осымен бес ай қайталанды және бұл наурыздан бергі ең елеулісі. Сонымен қатар мамырдағы біршама тұрақты көрсеткіштен кейін

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған




Дерек 2026 ж.11-23 маусым аралығында жиналған.
Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.


Пікір

Салтанат Мұхамбеталиева, Freedom Holding Operations ЖШС Экономикалық зерттеулер және талдау бөлімінің басшысы:

«Маусым айының деректері Қазақстанның өңдеуші салаларында бизнес жүргізу жағдайларының одан әрі қатаюын көрсетеді. Соңғы айлардағы сектор динамикасы кәсіпорындардың қаржылық ресурстардың қолжетімділігіне жоғары тәуелділігін барған сайын айқындай түсуде, дегенмен өндірістік белсенділікті тежейтін басқа да факторлар сақталуда. Осындай жағдайда өндірушілер айналым капиталын басқару мен өндірісті жоспарлауға барынша консервативті тәсіл қолдануға мәжбүр. Іскерлік күтулердің жыл басынан бергі ең төменгі деңгейге дейін төмендегеніне қарамастан оң аймақта сақталуы өнеркәсіп өкілдерінің алдағы 12 ай ішінде бизнес жүргізу жағдайларының жақсаруына деген үмітін жоғалтпағанын көрсетуі мүмкін. Бизнесіті қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту сақталып отырған белгісіздік пен өңірлік әрі жаһандық нарықтардағы жоғары құбылмалылық жағдайында нарық қатысушыларын қолдайтын факторлардың бірі бола алар еді».



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

маусымда ресурс сатып алу көлемі де азайды. Шикізат қоры айтарлықтай қарқында азайды.

Тапсырыстарды уақтылы орындауға талпыну мен дайын өнімді тұтынушыға бірден жөнелту маусымда аяқталмаған жұмыс көлемі және дайын өнім қорының бұрынғыдан да тез азаюына алып келді. Сонымен қатар сарқылу барысы осы зерттеу тарихындағы ең қарқындысы болды.

Маусымда ресурс құны өсіп, инфляция қарқыны өткен аймен салыстырғанда жеделдей түсті. Бірқатар респонденттер шикізат бағасының қымбаттағанын айтса, басқалары теңгенің рубльге шаққандағы бағамының әлсіреуі әсерін тигізгенін атап өтті.

Өндірушілер қымбат ресурс жүтемесін тұтынушыларға артып отырды, салдарынан сату бағасы айтарлықтай өсті. Мұнда да инфляция қарқыны мамырдан бастап аздап жеделдеді.

Шикізат бағасы өскенімен қатар, кәсіпорындар жыл ортасында тауар жеткізу мерзімі ұзарғанын да атап өтті. Бұл жолы сәл ғана болса да, жалпы тасымалдау мерзімі осымен қатарынан бес ай ұзарып отыр. Респонденттердің айтуынша, соңғы кезде тасымалдаушылар жұмысының нашарлауына кедендегі кідірістер мен электрондық шот-фактураларға қатысты туған түйткілдер себеп болған.

Нарықтағы алмағайып ахуалға қарай маусымда іскери сенім екінші ай қатарынан төмендеді. Өндірушілер алдағы жылы өндіріс көлемі артады деген оптимистік күйді сақтап қалды. Жаңа келісімшарт жасасудан үміттену сенімге селкеу түсірмеуге ықпал етті, сондай-ақ жарнама жасау алдағы 12 айда өсімнің негізгі қозғаушы күші болады деп күтілуде.

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер
және талдау басшысы
Freedom Holding Operations
ЖШС
saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі
директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Ханна Брук
ЕМЕА елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 7483 439 812
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе press.mi@spglobal.com поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айналымы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасқан деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 11,3 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 21 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com